

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

1 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-551б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-551с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.551.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

ӘЛЕМДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Б. Бекбенбетова, А.Ж. Наримбетова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қаласы, Қазақстан

Бүгінде дамыған елдерде, мысалы Германияда зейнеткерлер санының артуымен және халық шаруашылығында жұмыс істейтіндер санының қысқаруына байланысты ағымдағы зейнетақы төлеміне жұмсалатын ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстың үлесі өседі. Сондықтан көп елдер түбегейлі демографиялық өзгерістің салдарын қалай еңсеру керек деген мәселені шешуге тиіс болып отыр. Демографиялық ахуал қолайлы жаққа қарай өзгеруі болжанбайды, сондықтан зейнетақының тиімді деңгейін қолдау резервін зейнетақы жүйесінің ішінен іздеуге тура келеді.

Көрнекті ғалымдардың пікірі бойынша шамасы 100 жылдан кейін еңбекке жарамды жастан асқан халық көбейіп, халық санының өсуі тоқтайды [1].

Бүгінгі күннің өзінде көптеген зейнетақы жүйелерінде ағымдағы төлемдер бойынша тапшылық сезіледі және кейбір бағалау бойынша зейнетақы жүйелерінің жинақталған борышы жекелеген елдерде ЖІӨ-нің 100-250% аралығын құрайды. Кейбір зейнетақы жүйелері төлемге қабілетсізге айналды.

Зейнетақы жүйелерін реформалауға олардың ашық және ықтимал қаржы қиындықтары ғана себеп болып отырған жоқ. Ең басты себептің бірі ғаламдану жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін жұмыс күшінің бағасын төмендету және мемлекеттің әлеуметтік шығынының өсуін баяулату немесе тоқтату есебінен арттыру қажеттілігімен байланысты және ең бастысы, қырық жылдан астам уақыт жұмыс істейтін зейнетақы жүйелеріне ХХ ғасырдың 80-жылдары белең алған қоғамдағы бірлікті әлсірететін әрі жекешілдікті күшейтетін үрдістер әсер етеді. Кіріс деңгейінің өсуіне байланысты халықтың кірісі жоғары топтары жеке және әртараптандырылған зейнетақымен қамсыздандыруды, сондай-ақ таңдау жасау еркін талап етеді.

Сонымен бірге халықтың әл-ауқат деңгейінің жақсаруы мен көп елдерде қалыптасқан салық салу жүйесі зейнеткерлікке заңнамада белгіленген мерзімнен бұрын шығуға жағдай жасайды. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) мүшесі болып табылатын көптеген дамыған елдерде зейнеткерлікке шығу жасы 65 жасқа тең болса да, іс жүзінде ХХ ғасырдың 90-жылдары әйелдер зейнеткерлікке – 56-57 және ерлер – 59 жаста шықты. Бұл әдетте осы елдерде 70 жастан асқан халықтың денсаулығы мен еңбек ету жағдайы жақсаратын фактіге қарамастан орын алды. Зейнеткерлікке неғұрлым ерте шығу қызметкерлер зейнетақы жүйесіне белгіленген мерзімнен бұрын жарна салуды тоқтатуымен, ал ресми зейнетақы жасына жеткенде толық зейнетақы алумен байланысты болды [2].

Жоғарыда атап өтілген факторлардың бірге іс-қимыл жасау салдарынан барлық елдер өздерінің зейнетақы жүйелерін жетілдіріп, оларды өзгертін жағдайға бейімделуге тиіс болды.

Зейнетақы жүйелері дамуының әлемдік үрдістерін функционалдық белгі бойынша талдап қорыту зейнетақымен қамтамасыздандырудың мемлекеттік және жеке құрамдастарының өзара байланысының негізгі түрлерін анықтайды. Әр түрлі елдерде зейнетақы жүйесі ұлттық дәстүрлерге, қоғамның әлеуметтік құрылымына, мемлекеттің экономикада атқаратын рөліне, әлеуметтік саясаттың бағыттары мен басымдықтарына сәйкес дамыды. Зейнетақы, ең алдымен оны бөлу жүйелерінің дағдарысы олардың көптеген елдерде жылдам өзгеруіне себеп болды. Осының нәтижесінде зейнетақының қамсыздандырудың мемлекеттік және жеке меншік құрамдастарының арасындағы арақатынастың да өзгерісіне байқалады. Қазіргі уақытта мемлекеттік және жеке меншік зейнетақы жүйелерінің өзара байланысының үш негізгі түрі мен оның жекелеген нұсқалары жұмыс істейді. Зейнетақы жүйесінің негізгі түріне мыналар жатады:

1. Зейнетақы жүйесі. Осы жүйелерге, әдетте, жұмыс істейтіндердің барлығы қатысуы міндетті, алайда халықтың кейбір санаттары, мысалы, жеке еңбек қызметімен айналысатындар қатыспауы мүмкін. Зейнетақымен қамсыздандырудың осы нысаны Италия мен Сингапурде ерекше байқалады. Көптеген басқа елдермен салыстырғанда Сингапурдің мемлекеттік зейнетақы жүйесі жинақтаушы болып табылады, ал оның барлық активтері инвестицияланады.

2. Жеке меншік зейнетақымен қамсыздандырумен толықтандырылған мемлекеттік жүйе (Германия, Ирландия, Нидерланды мен Испания және т.б.). Мемлекеттік жүйе жеке меншік зейнетақымен қамсыздандырумен толықтандырылған. Осы елдерде әдетте барлық жұмыс істейтіндер үшін міндетті, ал жеке меншік жүйеге қатысу ерікті болып табылады. Іс жүзінде жеке меншік зейнетақымен қамсыздандыру деңгейі мемлекеттік зейнетақының көлемімен анықталады. Мемлекеттік зейнетақы біршама аз, мысалы, Ирландия мен Нидерландыда жеке меншік зейнетақы едәуір жоғары және керісінше, мемлекеттік зейнетақы жоғары Германия мен Испанияда жеке меншік зейнетақы біршама аз. Алайда осы заңдылық даусыз емес; мысалы, зейнетақының екі түрі де төмен болуы да мүмкін. Австралияда міндетті жеке меншік схемамен толықтырылған мемлекеттік жинақтаушы жүйе қолданылады. Франция мен Канадада міндетті бөлу жүйесіне, Францияда жинақтау жүйесіне, ал Канадада жеке жинақ ақшаға негізделген үшінші ерікті деңгеймен толықтырылған екінші деңгейдегі зейнетақы схемалары жұмыс істейді. Данияның зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі әлеуметтік сақтандыру аударымдары емес салықтардың есебінен қаржыландырылатын жалпы базалық мемлекеттік зейнетақы жүйесі; қызметкерлер мен компаниялардың жарналарына негізделетін міндетті зейнетақы жинақтаушы жүйесі; кәсіподақтар мен компаниялар уағдаластығының нәтижесінде әдетте сала ауқымында құрылатын міндетті зейнетақы жинақтаушы жүйесі деп аталатын элементтерден құралады.

Сонымен бірге жеке жарналар үшін қаржы институттары құратын қорлар түріндегі төртінші қосымша ерікті элемент қолданылады. АҚШ-та үш балама ерікті схемамен толықтырылған міндетті мемлекеттік жартылай жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

3. Мемлекеттік жүйені толық ауыстыратын және егде адамдардың зейнетақы кірісінің жалғыз-дара көзі болып табылатын жеке меншік жүйе. Осындай жүйе Чилиде барлық жаңа қызметкерлер мен қайту құқығынсыз жеке меншік жүйеге ерікті түрде көшу туралы шешім қабылданғанескі мемлекеттік зейнетақы схемасына қатысушылар үшін енгізілген болатын. Қазіргі уақытта Қазақстанда толықтай мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі енгізілуде [3].

Мемлекеттік зейнетақының көлемі белгіленген (Данияда немесе ИИрландиядағы сияқты) немесе зейнеткерлердің бұрынғы еңбекақысының деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Соңғы жағдайда, әдетте, оған жоғары еңбекақы зейнетақының, ал кейде жарнаның (Германия немесе Италиядағы сияқты) көлеміне әсер етпейтін заңнамада белгіленген шек орнатылады. Мұндай шарт зейнетақысы басқалармен салыстырғанда олардың бұрынғы еңбекақысының аз пайызын құрайтын еңбегі жоғары төленетін қызметкерлердің мүддесіне қайшы келеді. Бұл заңнамада барлығына жоғары зейнетақы тағайындалмай, зейнеткерлердің бөлігін зейнетақының ең аз деңгейімен қамтамасыз етудің қарастырылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Нидерландыда кейбір салалардың компаниялары мен кәсіподақтары арасындағы келісімге сәйкес барлық компаниялар жарна төлеуге, ал барлық қызметкерлер осы салада құрылған жеке меншік зейнетақы қорына қатысуға тиіс. Нидерландыдағы ЖЗҚ-ға барлық қатысушылардың жартысына жуығы осы негізде ұйымдастырылған қорларға қатысады.

Әлемдік даму үрдістері талдап қорытылған осы нұсқада функционалдық белгінің өлшеміне зейнетақы жүйелерін мемлекеттік және жеке меншік зейнетақымен қамсыздандыру нысандарына бөлу жатады. Мемлекеттік және жеке меншік нысандардың өзара байланысының үш түрінде де зейнетақымен қамсыздандырудың бөлу мен жинақтау, оған қатысудың міндетті және ерікті қағидалары бар екенін байқау қиын емес. Тек толықтай мемлекеттік және толықтай жеке меншік жүйелер сияқты қарама-қарсы түрлерді атап өтуге болады. Осы қарама-қарсы түрлердің арасында – екі аралық: жеке меншікпен толықтырылған мемлекеттік және мемлекеттік жүйені толықтыратын және ішінара алмастыратын жеке меншік жүйе де қолданылады.

Халықаралық серпін барлық елдердің мемлекеттік модельден бірте-бірте алшақтап, аралас модель жағына, ал одан – жеке меншік жүйеге қарай жылжып бара жатқанын айғақтайды. Тәжірибе көрсеткендей, жеке меншік жүйенің де оңтайлы болатыны екіталай.

Еуропалық комиссияның жуықта жүргізілген зерттеулеріне сәйкес Ұлыбритания – бюджет тұрғысынан алып қарағанда қазіргі түрінде де зейнетақы жүйесі кейінгі ондаған жылдарда да төлемге қабілетті болатын Батыс Еуропаның жалғыз елі. Елдің зейнетақы жүйесінің осылайша жоғары

бағалануы британдық зейнетақы жүйесінде жинақтау элементі әр уақытта да басым болғанымен байланысты. Мемлекеттік бөлу жүйесіне зейнеткерлерді толық қамсыздандыру міндетті ешқашан жүктелген емес, адамдар қолайлы жылдары өзін қартайғанда асырап-сақтау үшін қаражат сала алатын қосымша шаралар практикасы көтермеленді.

Британдық зейнетақы жүйесін талдау басқа елдерді осы жүйенің зейнеткерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға, сондай-ақ бөлу және жинақтау қағидаларының арақатынасын жетілдіруді ұйымдастыру мен оның үздіксіз болуына, міндеттілік пен еріктіліктің өзара байланысына, мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету мен әр түрлі зейнетақы төлемдерін кеңінен қолдануға бағдарлануы қызықтыратынын көрсетеді. Еуропалық комиссия британдық зейнетақы жүйесін басқа зейнетақы жүйелерінің арасынан мемлекеттік бюджетке ең аз ауыртпалық түсіретін жүйе ретінде кездейсоқ таңдалған жоқ. Аталмыш жүйе «кең таралған шараларды» енгізуге, атап айтқанда зейнеткерлердің жалпы өмір сүру деңгейін көтеруге бағдарлануы осы жүйенің бағалылығы ретінде аталады. Олар зейнеткерлердің өмір сүру деңгейін көтеруде үлкен табысқа жетіп, енді еңбекақы деңгейі төмен қызметкерлерді қосымша зейнетақымен қамсыздандыру схемасын тарату арқылы зейнетақы жүйесін одан әрі дамытуды ойластыруда [4].

Сөйте тұра кейбір мамандар Еуропаның дамыған елдерімен салыстырғанда америкалық зейнетақы жүйелері олардан да прогрессивті әрі тиімді деп санайды. Сол себептен АҚШ-тың, Канада мен Чилидің зейнетақы жүйелерінің негізгі құрамдастарын қарастырып өтейін.

Соңғы жылдары АҚШ-тың зейнетақы жүйесі Жалпы федералдық бағдарлама – ЖФБ деген атпен белгілі кәрілік, асыраушысынан айырылу, мүгедектік бойынша мемлекеттік сақтандыру бағдарламасына негізделген. Осы бағдарлама жеке зейнетақы бағдарламасы бар теміржолшыларды қоспағанда, экономиканың жеке меншік секторында барлық дерлік жұмыс істейтіндерді қамтиды. Мемлекеттік қызметшілер үшін олар өздерінің зейнетақы жүйелері: федералдық – федералдық үкіметтің азаматтық қызметшілері мен әскерилерге, жергілікті билік органдарының штат қызметкерлеріне арналған.

Канаданың зейнетақы жүйесі америкалық жүйеден ерекшеленеді. Ең алдымен осы жүйеде зейнетақы кәрілік, мүгедектік пен асыраушысынан айырылу бойынша бөлінбейді. Елде зейнетақыға үш негізгі элемент кіреді.

Бірінші элемент – жалпы мемлекеттік кірістен қаржыландыратын Кәрілікті қамсыздандыру бағдарламасы (КҚБ), жалпыны қамтитын зейнетақы схемасы. Осы бағдарлама ауқымында белгіленген жасқа жеткен және лсы елде белгіленген уақыт бойы тұрақты тұратын (тұрған) барлық канадалықтарға зейнетақы төленеді.

Екінші элемент – Канаданың зейнетақы жоспары (КЗЖ) мен оның Квебек провинциясындағы баламасы (КвЗЖ). Ол алушының еңбекақысына байланысты тағайындалған жәрдемақы жүйесіне негізделген зейнетақы бағдарламасының жарналары есебінен қаржыландырылатын міндетті жалпы ұлттық, бөлу жүйесі болып табылады.

Бағдарлама еңбекақыға салынатын салықтың және қызметкердің есебінен қаржыландырылады. Мемлекет жарна енгізбейді.

Үшінші элемент – ерікті зейнетақы бағдарламалары (ЕЗБ). Оған жұмыс берушілер, өнеркәсіп кәсіподақтары немесе салалары, сондай-ақ банктер мен сақтандыру компаниялары басқаратын жеке зейнетақы шоттары қаржыландыратын дәстүрлі кәсіптік зейнетақы қорлары кіреді.

Төртінші элемент – жеке ақша жинағы мен өзге активтер, мысалы, үй немесе басқа да жылжымайтын мүлік те қолданылады деп айтуға болады.

Америкалық тәжірибе АҚШ-та зейнетақымен қамсыздандырудың көп ерікті жеке меншік схемаларымен үйлескен мемлекеттік-бөлу жүйесі өте қисынды пайдаланылғанын айғақтайды. Сөйте тұра америкалықтар зейнеткерлердің жоғары өмір сүру деңгейін тек бөлу жүйесінің есебінен ғана қамтамасыз еткенін атап өту қажет.

Сонымен, дамыған шет елдердің зейнетақы жүйесінің қызметін қарастыру арқылы аталған жүйенің тиімді даму заңдылықтары анықталып отыр. Бұл жағдай, Қазақстандық зейнетақы жүйесіне өзгерістер енгізу барысында қолдануға, әлемдік тәжірибенің бағалы негіздерін пайдаланып, олардың даму барысында орын алған қиындықтарды қайтамауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Середина К.Н. Все о социальном обеспечении граждан.: Феникс, 2005. – 158с
1. Хасенов С.Б. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін қалыптастыру/ Ғылым, - 2010, №2. – 6-66 б.
2. Зейнетақы реформасын жетілдіру проблемаларының мониторингі/ Әлеуметтік-мәдени даму комитетімен өзара байланыс жасау бөлімі. – Астана: 2006 - 99 б.
3. Валова М.Д., Иксанова Г.М. Пенсионные системы: опыт реформирования, проблемы, перспективы. – Москва, 2005. – 181 с.
4. Коржова Н.А. Пенсионный кризис. Причины и пути выхода в различных государствах. Қаржы-Қаражат. №1, 2012.

УДК 339.924

THE CURRENT SITUATION OF ECONOMIC INTEGRATION BETWEEN CHINA AND KAZAKHSTAN

A. Berzhanova, B. Serzhan

L.N. Gumilyov Eurasian National
University, Astana

Economic globalization is very important to the World Economy. Most country take part in the world economic system and made their strategy of the regional